

**Тәуелсіздік көңілімізге қуаныш сыйлағалы, міне 30 жыл. Бұл - сан ғасырдан бері ата-бабамыздың аңсаған арманы, үміті мен сенімі. Бүгінде тәуелсіздіктің құрдастары да 30 жасқа келді, әр саланың тізгінін ұстаған егемен елдің жалынды жастары. Елдің дамуына үлес қосып, көпке үлгі болып жүрген тәуелсіздік құрдастарының әрбір еңбек ұжымында ерекше белсенділікпен еңбек майданында жүргендерін мақтанышпен айтуға болады. Олар шынымен де халқының алғысына бөленіп жүр, оларға тәрбие берген ата-анасы да, туған елі де үміт артады, оларға ерекше сеніммен қарайды. Осы орайда, Тайынша өңірінде туып-өскен, бүгінгі таңда әр қалада, әр еңбек саласында еңбек атқарып жүрген тәуелсіздік құрдастары туралы ой толғаймыз:**



## ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ



### ТЕРГЕУШІ ҚЫЗ ДАРЬЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ

Полиция лейтенанты Дарья Шмидт тергеуші болып жүргеніне бірнеше ай ғана болды. Миллениумның құрдасына тіпті осы қысқа кезеңнің өзі маңызды өмірлік тәжірибеге айналды: егер таңдалған іске табандылық танытып, жан-тәнімен беріліп істесең, мүмкін емес нәрсе жоқ. Мамандық таңдау мәселесі Дарьяның алдында ешқашан тұрған емес. Оның әкесі Николай Шмидт – ішкі істер органдарының ардагері, отставкадағы полиция старшинасы. Ол жол қауіпсіздігі желісінде қызмет етіп, кейін Келлеровка поселкелік полиция бөлімі кезекшісінің көмекшісі қызметін атқарды. Қызы әкесінің маңызды және жауапты іспен айналысатынын көріп өсті. «Олардың ұжымы өте тату болды», - дейді жас қызметкер. – Мен бала кезімнен полицияда жұмыс істейтінімді сезетінмін, өйткені мен әкемнен және оның әріптестерінен ең бағалы адами қасиеттерді көріп өстім. Жауаптылық, өзара қолдау, жылы достық қарым-қатынас мен үшін өмірге бағыт, әрі үлгі болды...». Аға ұрпақтың үлгісі зая кеткен жоқ; Дарья әрқашан шындықты жақсы көретін. Егер біреуді ренжіткен болса, татуласуға тырысатын, біреулер ренжісіп қалса, ол араша түсетін. Оның табиғатына полицейлердің атқарып жатқан жұмысы өте жақын болды.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына оқуға түсті. Осы жылдың көктемінде ол Петропавл қаласы Полиция басқармасының тергеу бөлімінде тағылымдамадан өтті. Маусым айында оқуын аяқтап, 5 тамызға дейін Петропавл қ. ПБ Бірінші полиция бөлімінде жұмыс істеді, содан соң өзінің туып-өскен жері Тайынша ауданына тағайындалды. Бүгінде ол бес істі сотқа жіберіп үлгерген. «Тергеу тәжірибесінде әр түрлі іс кездеседі, - дейді Дарья. – Мен үшін мұның бәрі тәжірибе. Алғашында қиын болғанын жасырмаймын. Теорияны жақсы зерделегенмен, іс жүзінде алдыңнан қиындықтар кездеседі. Ең бастысы біздің ұжымда ақыл-кеңес алу қиындық туғызбайды: әрқайсысы жаңадан келген жас қызметкерге бар ықыласымен көмектесіп, қол ұшын созып жүреді. Істің аяқталуынан бүкіл тергеу тобының жұмысының нәтижесі байланысты болатын, тергеудің өте маңызды бөлігі сеніп тапсырылды». Жас тергеуші үшін қарапайым болып көрінгенмен, ең маңыздысы әлі де көп нәрсені үйрену керектігін түсіну болды. Тек тәжірибе ғана барлық жік-жапсарын зерттеуге, тергеу жұмысының әдіс-тәсілдерін шыңдау және психология жағынан тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Мысалы, тергеушілер «ым тілін» түсінуге үйретілген. Мақсат қарапайым: адамның шындықты айтып, айтпай тұрғанын анықтау. «Мұның бәрі жеткіліксіз, сіз алған біліміңізді іс жүзінде қолдана білуіңіз керек, - дейді ол. – Жауап алу немесе әңгімелесу барысында өтірік айтты деп айыптап, қарсылық танытпау керек, керісінше әңгімені шындықты айту қажеттілігіне жеткізетіндей етіп құру қажет». Ол үш эпизодқа қатысы бар күдіктімен осылай әрекет етті. «Қай іс болмасын, маған жұмыс істеу маңызды, - дейді Дарья. - Өйткені, тергеу процедуралары мен заңдар жиынтығы құрғақ зат емес, олар адамдардың тағдырына, қорғауға арналған құралдар. Мен оларды мүмкіндігінше тиімді пайдалануды үйренуім керек. Өзімнің жерлестерімнің тыныштығын сақтау сапында тұрғаным үшін қуанамын. Сонымен қатар, ақылдарын айтатын туған-туыстарымда жанымды...». Ішкі істер органдарының ардагері әкесі мен дәрігер-анасы, өзінен үлкен ағасы мен әпкесі, бала кезден бірге өскен достары қолдау көрсетеді. Одан бөлек әкесінің жолдастарының ақыл-кеңесі де бар. 21 жасар полиция лейтенанты Д.Шмидт жайлы: «Жарайсың, әкесінің жолын қуған, осындай өжет қыздар полицияға керек!» - деп сеніммен айтуға болады.



### Айтпай РАХМЕТОВ - Тайынша ауданы полиция бөлімі Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры

\* \* \*



### Александр ДВОРЕЦКИЙ - Тайынша ауданы ПБ Чкалов поселкелік полиция бөлімшесі кезекші бөлімі кезекшісінің көмекшісі, полиция сержанты.



Әрбір атқан таңымыз нұрлы, жұмыс күндеріміз Әнұранмен басталып, көк байрағымыздың көлеңкесінде еңбек атқарып жатырмыз. Туған жылымыз осы тарихи сәтпен байланысты болған соң мақтанып айтуға болады. Тәуелсіздік мерекесін жыл сайын отбасыммен тойлаймын. Әрбір азамат ата-анасын, бауыры мен достарын, еңбек саласындағы әріптестерін сыйлап, құрметтеп, өзінің туған жеріне махаббатын, адал еңбегін арнаса және сүйікті жұмысы болса, елге қосқан үлесі дер едім. Мен өзім еліміздің гүлденуі жолында, қоғамдағы тыныштықты сақтауда атқарып жүрген еңбегімді перзенттік парызым деп білемін. Егемен еліміздің ертеңі ерекше, болашағы баянды, келешегі кемелді болуына атсалысатын жастарымыз көбейе берсін дегім келеді. Тәуелсіздіктің бағасын біліп, әр адам қадірін түсінсе, бізден мықты ел болмайды, - дейді Тайынша ауданы ПБ криминалдық полиция – бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция майоры Қуанышбек ТЕМІРБЕКОВ.



### Мұрат БЕКИМОВ – Тайынша ауданы Полиция бөлімі уақытша ұстау изоляторының бастығы, полиция капитаны.

## «УАҚЫТПЕН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН КӨШБАСШЫ»

1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай Келлер ауылдық кітапханасының оқу залында «Уақытпен тағайындалған көшбасшы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы білімдерін тереңдету үшін «Көшбасшымен бірге жетістікке жету жолында» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға «Жасқырандар» клубының мүшелері қатысты. Тамаша тұлғаны қалыптастыру үшін тарихи факторлар мен құбылыстардың рөлі оның күштері жеткіліксіз. Бүкіл әлемдік қауымдастық тарихындағы мұндай адамдардың бірі- Н.Назарбаев. Біздің мемлекетіміздің ең қиын кезеңіндегі Қазақстан Республикасы мемлекетінің негізін қалау үшін жауапкершілікке ие болды. Мемлекеттік тілде кітапханашы Боранбаева С.Ж Президенттің өмірбаянын айтып, содан кейін «Уақыт айна» фильмінің үзіндісін оқушыларға ұсынды.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.